ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2018ж. 10.05 № 523

Астана қаласы город Астана

**«Электрондық коммерция орталығы» акционерлік қоғамының 2017 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бекіту және таза кірісін бөлу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 шілдедегі № 633 қаулысының 3-тармағына, «Электрондық коммерция орталығы» акционерлік қоғамының Жарғысы 62-тармағының 10) және 11) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар бекітілсін:

1) «Электрондық коммерция орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2017 жылғы жылдық қаржылық есептілігі (010000, Астана қаласы, Абай даңғылы, 13-үй, БСН 071140005693, «AsiaCredit Bank» АҚ-та ЖСК KZ8177430KZ220317871, БСК LARIKZKA);

2) Қоғамның 2017 жыл бойынша 176 390 769 (бір жүз жетпіс алты миллион үш жүз тоқсан мың жеті жүз алпыс тоғыз) теңге 45 тиын мөлшеріндегі таза кірісін былайша бөлу тәртібі:

88 195 384 (сексен сегіз миллион бір жүз тоқсан бес мың үш жүз сексен төрт) теңге 73 тиын сомасындағы 50 (елу) проценті Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне дивиденттер төлеуге республикалық бюджет кірісіне жіберілсін;

88 195 384 (сексен сегіз миллион бір жүз тоқсан бес мың үш жүз сексен төрт) теңге 72 тиын сомасындағы 50 (елу) проценті Қоғамның иелігінде қалсын.

3) 2017 жылдың қорытындылары бойынша Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденттер мөлшері 162 (бір жүз алпыс екі) теңге 67 тиын.

2. Қоғам Басқармасының Төрағасы (Т.С. Нұрғисаев):

003820

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап он күнтізбелік күн барысында Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне дивиденттердің республикалық бюджетке аударылуын қамтамасыз етсін;

2) 88 195 384,72 (сексен сегіз миллион бір жүз тоқсан бес мың үш жүз сексен төрт бүтін жүзден жетпіс екі) теңге сомасындағы 50 (елу) проценттің Қоғамды дамытуға жіберілуін қамтамасыз етсін;

3) жылдық қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап он жұмыс күні барысында қаржылық есептілік депозитарийін жүргізу жөніндегі ұйымға электрондық есептің жіберілуін қамтамасыз етсін;

4) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні барысында оны бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын;

5) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап отыз күнтізбелік күн барысында Қоғамның 2017 жылғы жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есебін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Есепті 2017 жыл барысында Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне Жалғыз акционердің өтініштері түспегендігі атап өтілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жауапты хатшысы Б.Қ. Тортаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Министр** **Б. Сұлтанов**

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

10.05.2018г.
Астана қаласы

№ 523
город Астана

**Об утверждении годовой финансовой отчетности и распределении чистого дохода акционерного общества «Центр электронной коммерции» за 2017 год**

В соответствии с подпунктом 7) и 8) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан от 13 мая 2003 года «Об акционерных обществах», пунктом 3 постановления Правительства Республики Казахстан от 26 июля 2007 года № 633 «О дивидендах на государственные пакеты акций и доходах на государственные доли участия в организациях», подпунктами 10) и 11) пункта 62 Устава акционерного общества «Центр электронной коммерции», **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить:

1) годовую финансовую отчетность акционерного общества «Центр электронной коммерции» (далее – Общество) за 2017 год (010000, город Астана, проспект Абая, дом 13, БИН 071140005693, ИИК KZ8177430KZ220317871 в АО «AsiaCredit Bank», БИК LARIKZKA);

2) порядок распределения чистого дохода Общества по итогам 2017 года в размере 176 390 769 (сто семьдесят шесть миллионов триста девяносто тысяч семьсот шестьдесят девять) тенге 45 тиын, следующим образом:

50 (пятьдесят) процентов в сумме 88 195 384 (восемьдесят восемь миллионов сто девяносто пять тысяч триста восемьдесят четыре) тенге 73 тиын направить на выплату дивидендов на государственный пакет акций Общества в доход республиканского бюджета;

50 (пятьдесят) процентов в размере в сумме 88 195 384 (восемьдесят восемь миллионов сто девяносто пять тысяч триста восемьдесят четыре) тенге 72 тиын оставить в распоряжении Общества.

3) размер дивидендов по итогам 2017 года в расчете на одну простую акцию Общества 162 (сто шестьдесят два) тенге 67 тиын.

2. Председателю Правления Общества (Нургисаев Т.С.):

003819

1) в течение десяти календарных дней со дня подписания настоящего приказа обеспечить перечисление дивидендов на государственный пакет акций Общества в республиканский бюджет;

2) обеспечить направление 50 (пятидесяти) процентов чистого дохода в сумме 88 195 384,72 (восемьдесят восемь миллионов сто девяносто пять тысяч триста восемьдесят четыре целых семьдесят два сотых) тенге на развитие Общества;

3) в течение десяти рабочих дней со дня утверждения годовой финансовой отчетности обеспечить направление электронного отчета в организацию по ведению депозитария финансовой отчетности;

4) в течение десяти рабочих дней со дня подписания настоящего приказа опубликовать его в средствах массовой информации;

5) в течение тридцати календарных дней со дня подписания настоящего приказа опубликовать в средствах массовой информации годовую финансовую отчетность и аудиторский отчет Общества за 2017 год.

3. Отметить, что в течение отчетного 2017 года обращений Единственного акционера на действия Общества и его должностных лиц не поступало.

4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на ответственного секретаря Министерства финансов Республики Казахстан Тортаева Б.К.

5. Настоящий приказ является решением Единственного акционера Общества и вступает в силу со дня его подписания.

**Министр** **Б. Султанов**